

Хаттама №1

Ахмет Байтұрсынұлы атындағы №48 мектеп-лицей
9 «В» сынып оқушыларының ата-аналарымен өткен жиналыс
05.09.2025 жыл

Қатысқандар саны: 10

Қатыспағаны: 14

Күн тәртібінде:

1. Оқушылардың өмір қауіпсіздігін қамтамасыз ету(жолда жүру, өрт, су қауіпсіздігі, интернет алаяқтық, кибербуллинг, лудомания т.б.)
2. Сыбайлас жемқорлықтың алдын алу (мерекелерге орай мектепке, мұғалімдерге сыйлық алу үшін немесе басқа да қажеттіліктер үшін ата-аналардан қаражат жинауды болдырмау)
3. Ата-аналарға «Білім беру қызметін көрсету туралы шартты» таныстыру.
4. Сынып оқушыларының білімі, тәртібі, мектеп формасын сақтауы, сырт келбеті т.б. бойынша басқа да мәселелер.
5. Ата-аналар комиссиясының төрайымын сайлау.

2025-2026 оқу жылына қарасты, қыркүйек айының 5 жұлдызында мектепшілік алғашқы ата-аналар жиналысы болып өтті. Жиналыстың негізгі мақсаты ретінде ата-аналарға оқу жылына сәттілік тілей отырып, мектеп ережесімен, мектептің жаңа мақсаттарымен таныстыру болатын.

Ең алдымен оқушылардың өмір қауіпсіздігі дайлы сөз қозғалды. Әр ата-ана баланың жауапкершілігін толықтай сезініп, өмірлеріне қауіп төндіруі ықтимал факторлардан балаларды сақтап, оқыс жағдайлардың болдырмау алғышарттарын жасау керек. Әрбірі үйдегі балаларға өрт,су, жалпы табиғи апаттардың қауіпті екендігін. Ал ғаламтордағы кибербуллинг және лудомания сынды дерттер олардың психикалық жағдайының нашарлап кетуіне үлесі бар екендігін жіті түсіндіру арқылы, жоғарыда аталып өткен жайттар орын алмайтынын түсіндіре алу керек.

Екінші кезекте мектепте қандай да бір мерекелерге немесе мектеп қажеттілігіне деген атаумен жамылып жиналатын қаражаттардың болдырмауын еске салып өттік.

Жоспар бойынша ата-аналарға келесі «Білім беру қызметі» шарты таныстырылып әр бөлігін жіті талдап, оқушының негізгі міндеті мен құқығы, ата-ананың негізгі міндеті мен құқығы, мектеп тарапынан мұғалімдердің және сынып жетекшінің негізгі міндеттері мен құқықтарын таныстырып өттік. Шартқа әрбір ата-ана назар аудара тындап отырып, шартқа келісімдерін беріп өтті. Жиналысқа қатыса алмаған ата-аналарға шарттың электронды нұсқасы жіберіліп, қысқаша шолу жасап өтілді.

Биылғы оқу жылында 9 сыныпты аяқтап, алда мемлекеттік емтихандар бар екендігі ескеріліп, оқушыларға күнделікті есіне салып, мектеп өміріне бей-жай қарамау керектігі ескертіп отыру тапсырылды. Биылғы оқу жылының жауапкершілігі мол, әр бала өзін жақсы қырынан көрсету керек екендігі айтылды.


Соңында өз арамызда ата-аналар комитеті ретінде Әсел Маратқызын қалдыру ұсынылып, бірауыздан қолдадық.

Мектеп директоры Қияқбай Нұрила өз сөзінің кезегінде мектептің 2025-2026 оқу жылына миссиясын атап өтіп, жаңа мақсаттармен қатар 2024-2025 оқу жылына есеп беріп өтті.

Қаулы:


1. Ата-аналар өз балаларына өмір қауіпсіздігіне байланысты үйде үнемі сөз жүргізісін.
2. Қаражат жинау жөнінде факт тіркелсе дереу мектеп әкімшілігіне ескертілсін.
3. Әр ата-ана «Білім беру қызметі» шартымен танысып, қол қойылсын.
4. Оқушылардың мектепке келуі мен білім сапасын бақылау ата-аналар тарапынан күшейтілсін.

Сынып жетекші:




Г.Р. Жакенова

**Ата-аналар комитетінің
төрайымы:**



А.М. Байтұрым

Хатшы:



Т.Танина